

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

### Список использованных источников

1. Алиева Г.С. Каныш Сатпаев: жизнь и научное наследие. – М.: Прогресс, 2005. -121с.
2. Березин А.И. Вклад К.М. Сатпаева в развитие геологии и экономики Казахстана // О геологических изысканиях. 2003. -С.16-23.
3. Абдыкалыкова Н.К. Роль научных открытий Каныша Сатпаева в формировании экономической базы Казахстана. -М.: Геоэкономика, 2012. -С.34-35.
4. Кудрявцева Е.А. История развития горно-геологической науки в Казахстане и вклад К.М. Сатпаева. -М.: Земля и ресурсы, 2011. -С.158-186.

ӘОЖ 338.4

## КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКА: МӘНІ ЖӘНЕ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Беймбет Ахелик**

*akhyelikbyeimbyet@gmail.com*

6B04102-Экономика мамандығының 2-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ. Қазақстан


Ғылыми жетекшісі – Карипова А.Т.

Бүгінгі таңда экономиканың дамуының басты факторларының бірі креативті экономика салаларының дамуы болып табылады. Бәсекеге қабілетті бірқатар мемлекеттердің жалпы ішкі өнімі құрамындағы осы сектордың үлесі айтарлықтай артуда. Алайда Қазақстанда креативті экономика салаларының ЖІӨ-ге қосар үлесі тек қана 3,6%-ды құрап отыр. Осыған орай, президент Қ.Тоқаев Қазақстан халқыны Жолдауында ел экономикасын жетілдіруге ерекше мән бере отырып, соның ішінде креативті экономиканы мейлінше дамытуды тапсырған болатын.

Креативті экономиканы қызмет көрсету саласында болып жатқан процестерді өзіне қамтыған шығармашылық сектордың экономикасы немесе ғылым, өнер және мәдениет салаларының экономикасы деп қарастыруға болады. Ол әрбір инновацияның қозғаушы күші болғандықтан бизнес, өнер, мәдениет, дизайн салаларында әртүрлі жаңа әдіс-тәсілдерді ойлап табушы болып саналады. Ал жаңа әдістер мемлекеттің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыратындықтан, қазіргі инновациялық әлем үшін креативті экономиканың маңыздылығы анық. Қолымызда бар әрі таусылмайтын ресурстардың бірі, адамның өмір сүру барысында өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолданылатын дағдылары мен білімі, яғни адам капиталы осы креативті экономикамен тікелей байланысты. Адам капитал өз кезегінде адамның таланты мен қабілетіне теңестіріледі. Ал талант пен қабілетті «креативтілік» деген ұғыммен мағыналас деп айтсақ қателеспейміз. Қазіргі ұғымда креативтілік – ауқымды және үздіксіз тәжірибе, ол барлық қабілеттерге ортақ дағдыларға, сондай-ақ экономикалық және басқа да пайда алу үшін қолданылатын тәжірибе мен құзыреттілікке негізделеді. Нәтижесінде шығармашылық пен экономика арасындағы байланысты қарастыруға болады.

Ең алғаш «креативтілік» терминінің қолданылуы 1950-ші жылдары психологияда пайда болған. Латын тілінен аударғанда creatio, яғни жаратылыс деген мағынаны беретін бұл термин адамның жеке бас мінез-құлқының ғана емес, сонымен қатар күрделі ұйымдастырылған қарым-қатынастардың қасиеті ретінде саналады [1]. Әлемде дағдарыс болған 1970-1980 жылдары мұнайдың бағасы күрт қымбаттап, қаржылық және экономикалық дағдарыстар орын алды. Дәл осы тұста дағдарыстың салдарынан өндіріс көлемі күрт құлдырап, инфляция пайда болды. Халық арасында әлеуметтік наразылық білдіріліп, АҚШ пен Еуропа елдерінің қоғам қайраткерлері ауыстырылды. Осы кезде алғашқы мемлекеттердің бірі болып Ұлыбританияның жаңа үкіметі шығармашылық және интеллектуалдық капиталға негізделген экономиканы дамыту үшін елдің даму стратегиясын жасап шықты. 1998 жылдан бастап креативті индустрияны дамыту ұлттық және муниципалды Британдық саясаттың басымдығы болып табылды [2]. Бүгінгі күнде де ЖІӨ-нің 7% креативті индустрия құрайтын Ұлыбритания әлі де жетекші елдердің бірі болып саналады.

2023 жылы Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы 132 мемлекетті кірістіре отырып, білім және технологиялық нәтижелер, адами капитал және зерттеу, іскерлік талғампаздық, шығармашылық нәтижелер, сонымен қатар инфрақұрылым секілді 80-ге жуық факторларды пайдалана отырып «жаһандық инновация индексі 2023 (GII)» атты рейтинг жасады (1-сурет).




Сурет - 1. «Global Innovation Index 2023» рейтингі бойынша мемлекеттердің креативті экономикаға байланысты тізбегі 2023ж.

*Ескерту - [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған*

1-суреттегі диаграмма креативті экономикаға байланысты мемлекеттердің үлесін көрсетеді. Сонымен қатар бұл рейтингте мемлекеттердің табысын төрт топқа бөліп қарастырған. Олар: жоғары табыс, жоғарғы-орта табыс, төменгі-орта табыс, төменгі табыс. Швейцария 13 жыл қатарынан әлемдегі ең инновациялық ел атанып отыр. Оның дәрежесін айқындайтын негізгі факторлардың бірі бизнес жүргізу саясаты және әлемдік деңгейдегі ғылыми-зерттеу институттары мен білікті жұмыс күші де инновацияны дамытудың негізгі факторлары болып отыр. Швеция 2023 жылы АҚШ-тан жоғары көтеріліп, екінші орынды иеленді. Ел бизнестің күрделілігі, білімді қажет ететін жұмыспен қамту және жан басына шаққандағы зерттеушілер саны бойынша озық болды. Осылайша алғашқы көрсетілген 10 мемлекет бұл салалар бойынша алға шығып, әрі табыс бойынша «жоғары табыс» тобына кіріп отыр. Ал Түркия мемлекеті 38.6 көрсеткішімен 39-шы орынды алса, еліміз 26.7 көрсеткішімен 81 орынға жайғасты. Бұл екі мемлекет табысы бойынша «жоғарғы-орта табыс» тобына қосылды. Моңғолия мемлекеті 28.8 көрсеткішімен 68 орынға кіреді. Бірақ ол табыс бойынша «Төменгі-орташа табыс» тобына кіреді. Ал Өзбекстан мемлекеті 82 орында тұр [3].

Шығармашылық индустрияның жаһандық нарығы 104,2 миллиард долларға бағаланады, ал шығармашылық салалардың капиталдануы екі триллион доллардан асады. Бұл ретте саланың айналымы жыл сайын 15 пайызға артып келеді. Креативті экономиканың жалпы ішкі өнімдегі үлесі әр мемлекетте әртүрлі. Мысалы, Австралияда – 5,7%, Ұлыбританияда – 5,5%, АҚШ пен Қытайда – 4,2%, Италияда – 3,8%, Германияда – 3,1%. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда креативті индустрияның жалпы ішкі өніміндегі үлесі 2,67% (2,6 трлн.) болды. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 5% жеткізу көзделіп отыр (2-сурет) [4].




Сурет - 2. Креативті экономиканың әлем бойынша мемлекеттердің ЖІӨ-дегі үлесі 2020ж. Ескерту - [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Соңғы жылдары Оңтүстік Корея креативті индустрияны дамытуда жетекші елдердің бірі ретінде көрінді. Арнайы құрылған KOSSA Creative Content Agency ұтымды құралдарды пайдалана отырып, әлемдік платформаларға белсенді түрде еніп, музыкалық өнімдерді, фильм жобаларын, телебағдарламаларды, әртүрлі сериялық контентті және жоғары технологиялық ойын кешендерін экспорттауда. Кейбір мәліметтерге қарағанда, Оңтүстік Корея бүгінде ойын-сауық нарығының көлемі бойынша әлемде жетінші орында тұр, ал елдің шығармашылық индустриядан түсетін экспорттық кірісі 12 миллиард доллардан асты [5]. Мысалы, танымал BTS К-рор музыкалық тобының Оңтүстік Кореяның ЖІӨ-ге қосқан үлесін KoreanAir ұлттық авиакомпаниясының экономикасына қосқан үлесімен салыстыруға болады. Соңғы жылдары Корея кинорежиссерлері жылдың үздік фильмі ретінде «Оскар» алған «Паразит» фильмінің, «Кальмар ойыны» сериалының айтарлықтай табысқа жетті. Осының бәрі – шығармашылық индустрияны дамытуда жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесі.

Қазақстан Республикасында дизайн, кино, сән, музыка, теледидар, бұқаралық ақпараттар құралы, ақпараттық технологиялар, баспа ісі, компьютерлік графика, компьютерлік ойындар, архитектура, маркетинг салалары сияқты өнерге қатысты бірнеше саланы креативті экономиканың бағыты деп қарастырады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Катарзина Вавернияның айтуы бойынша, «Шығармашылық индустрия – бұл қосымша құн мен жаңа жұмыс орындарын құратын жаһандық экономиканың серпінді дамып келе жатқан секторы. Шығармашылық салалар бүгінде әлемдік ЖІӨ-нің 3%-дан астамын құрайды және жұмыс істейтін халықтың 6%-дан астамын жұмыспен қамтамасыз етеді. Бұл тұрғыда Қазақстанның әлеуеті зор. Өңірлерде жұмыс істей жүріп, талантты, болашағы зор жастарды жиі көреміз. Мен олардың Қазақстанның тұрақты болашағының қозғаушы күшіне айналуға толық мүмкіндігі бар деп есептеймін» [6].

Қазақстанда 2022 жылы 355 кинозалдарда 200 шетелдік, 26 ұлттық фильм көрсетілген. Соның ішінде касса жинағы бойынша түсімнің 80%-ын голливуд кинолары алса, 13%-ын ұлттық фильмдер алған, ал 7%-ы ресейлік фильмдердің үлесінде болған. Жалпы Қазақстандағы кино нарығының көлемі 44,5 млн долларға жеткен. 2021 жылы ұлттық фильмдердің үлесі 6% құраған. Қазақстанда касса жинағы бойынша бір ғана «Бизнес по-казахски в Америке» фильмі 1 млн 750 мың АҚШ долларымен 3-орынға тұрақтаған. Бұл креативті экономика салаларының ішінде кино саласының басымдығын байқатады.

Қазақстанның жалпы ішкі өнімнің құрылымындағы креативті салалардың үлесі 2020 жылдың соңында 2,67%-ын құрады, бұл әлемдік орташа деңгейден 4%-ға төмен. Ал 2020-2021 жылдарға арналған креативті салалардың экономикаға қосқан үлесі 2,7%-ды көрсетеді. 2022 жылы бұл көрсеткіш айтарлықтай 0,9%-ға өсіп, 3,6%-ды құраған (3-сурет) [7].



Сурет - 3. Қазақстан Республикасының ЖІӨ-дегі шығармашылық салалар үлесінің динамикасы, 2020-2022 жж.

*Ескерту - [7] әдебиет негізінде автормен құрастырылған*

Қазақстанда креативті экономиканы дамыту барысында бірнеше қиындықтарды байқауға болады.

1. Шығармашылық салалар мен кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінің заңнамалық бекітілген тұжырымдамаларының жеткілікті дәрежеде болмауы өз кезегінде кәсіпкерлік субъектілерінің қолжетімді инфрақұрылымдық, ақпараттық, мүліктік және қаржылық емес қолдауға қол жеткізуін шектейді;

2. Шығармашылық салаларды дамытуға қажетті адам ресурстарының тапшылығы мен сапасының төмендігі, яғни адам капиталы дамуының төменгі деңгейі;

3. Мәдениет секторындағы шығыстар негізінен шығармашылық салаларда қосымша құн жасауға емес, әлеуметтік нысандарды ұстауға және мәдени іс-шараларды өткізуге бағытталған;

4. Елімізде шығармашылық кәсіпкерлікті дамыту және тұрақты креативті индустрияларды қалыптастыру үшін инфрақұрылымның жетіспеушілігі;

5. Қазақстандағы шығармашылық салалардың әлсіз инвестициялық тартымдылығы.

Аталған мәселерді шешуде еліміздің креативті индустриясын дамытудың бір жолы ретінде оның орталықтарының географиясын кеңейтуді және әрбір обылыс орталығы мен ірі қалалардың креативті экономиканың орталығына айналу үшін шаралар қолдануды атап өтуге болады. Қазіргі таңда креативті индустрияның шоғырланған орталығы ретінде тек Астана, Алматы және Шымкент қалалары аталады. Бұл мақсатқа байланысты Алматы қаласында креативті секторды дамыту идеялары мен пайымдауларын бір орталыққа жинау мақсатында ашылған «Креативті индустриялар кеңесі» бар. Кеңес құрамындағы медиа, шығармашылық, өнер, қолөнер, музыка өкілдері, сондай-ақ қала белсенділері креативті сала өкілдерінің бастамалары мен ұсыныстарын талқылап отырады. Кеңесте кино мен анимация, әдебиет, сән, жаңа медиа мен цифрлық мәдениеттер, театр, опера мен балет, эспорт пен геймдевелопмент, сәулет пен дизайн, музыка, заманауи өнер, ойын-сауық индустриясын дамыту стратегияларын әзірлейді. Сонымен қатар Алматы қаласынан болашақ креативті сектор кәсіпкерлерін дайындайтын Almaty Tech Garden, KBTU, Startup Incubator, AlmaU секілді орталықтар жұмыс істейді. Бұл орталықтарға арнайы шарттар қойып, жұмыс сапасын жоғарлатуды ұсынамыз.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының ЖІӨ құрылымындағы креативті экономика салаларының үлесі әлемдік орташа деңгеймен салыстырғанда әлдеқайда төмен екенін атап өтуге болады. Бірақ болашақта басқа мемлекеттермен салыстырғанда бәсекелестікке қабілетті бола алмай қалмас үшін келесі шараларды еліміздің креативті индустриясын дамыту үшін қолдануды ұсынамыз.

1. Креативті индустрияның орталықтарын кеңейту;

2. Ауыл аймақтардағы нағыз таланттарды орталықтарға жинап, оларды мемлекеттік қаржыландыру тетіктерін қалыптастыру;

3. Ғылым-білім саласында өзін сынап жүрген жастарға қолдау көрсету мақсатында жаңа технологиялар ойлап табуға идеялары бар жастарды арнайы инвесторлармен бір ортада жолықтырып, өздерін көрсетуге мүмкіндік беру;

4. Креативті сектордың тағы бір қозғаушы күші болған қазақ театрын тек қана республикалық деңгейде ғана дамытпай, халықаралық деңгейдегі конкурстарға және гастрольдік сапарларға жіберу;

5. Университет қабырғасындағы студенттерге өзінің мамандығынан тыс қызығушылығы бойынша креативті экономиканы дамытуға өз үлесін қосуына жағдай жасау;

6. Салық жеңілдіктер түріндегі жанама қолдау.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Белокрылова О.С. Мировой опыт формирования креативной экономики и возможности его использования в России // Terra economicus. – 2013. – № 4-2. – С. 5-11.
2. Creative industries mapping document, 1998. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.gov.uk/government/publications/creative-industries-mapping-documents-1998>
3. The Global innovation index 2023. [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.wipo.int/edocs/pubdocs/en/wipo-pub-2000-2023-section1-en-gii-2023-at-a-glance-global-innovation-index-2023.pdf>
4. Креативті индустрия: ел экономикасына үлес қоса ала ма? – 2023. – [Электрондық ресурс] – URL: <https://azattyq-ruhy.kz/society/50578-kreativti-industriia-el-ekonomikasyna-ules-kosa-ala-ma>
5. ҚР Үкіметінің Парламенттегі өкілі Ермек Аманшаев “Почему в Казахстане не развита креативная индустрия и как это исправить?” – 2023. – [Электрондық ресурс] – URL: <https://liter.kz/pochemu-v-kazakhstan-ne-razvita-kreativnaia-industriia-i-kak-eto-ispravit-1695358215/>
6. Креативные индустрии: скачок навстречу устойчивому развитию Казахстана – 2024. – [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.undp.org/ru/kazakhstan/news/kreativnye-industrii-skachok-navstrechuu-ustoychivomu-razvitiyu-kazakhstana>
7. [Электронный ресурс]. – URL: <https://kapital.kz/business/114148/kazhdyy-sed-moy-subyektbiznesa-otnosit-sya-k-kreativnoy-industrii.html>.

УДК 338.332

### **РЫНОК НЕДВИЖИМОСТИ В КОНТЕКСТЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА**

**Бейсекенова Камила Сабыржановна**

[lllkamila@mail.ru](mailto:lllkamila@mail.ru)

Магистрант 1-го курса специальности «7М04102 – Экономика»

Евразийского Национального Университета им.Л.Н Гумилева, г. Астана, Казахстан

Научный руководитель – Кожаметова Г.А.

Понятие устойчивого развития впервые было введено в "Докладе Брунтандера" в 1987 году и охватывает интеграцию экономического, социального и экологического измерений развития. В рамках устойчивого развития выделяются такие ключевые концепции, как удовлетворение потребностей текущего поколения, не подвергая опасности возможности будущих поколений удовлетворять свои потребности.

Одним из основных принципов устойчивого развития является обеспечение экономической устойчивости. Это включает в себя создание таких экономических систем, которые способны обеспечивать стабильный рост без истощения ресурсов. Стремление к устойчивой экономике также подразумевает сокращение неравенства в распределении богатства и содействие социальной справедливости [1].

Достижение устойчивого развития требует глобального сотрудничества. Глобальное